

Бурабай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 8С-12/11 "Бурабай ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 29 қазандағы № 8С-36/1 шешімі

Бурабай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бурабай аудандық мәслихатының "Бурабай ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 8С-12/11 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8686-03 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасында:

11-тармақтың 2-абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған әлеуметтік маңызы бар аурулары (адамның иммунитет тапшылығы вирусы (АИВ) тудыратын ауру, бірінші типті қант диабеті, миокардтың жіті инфаргі (алғашқы 6 ай), орфандық аурулар, созылмалы вирустық гепатиттер және бауыр циррозы, психикалық, мінез-құлық бұзылыстары (аурулар), балалардың церебральды сал ауруы, ревматизм, дәнекер тінінің жүйелі зақымдануы, жүйке жүйесінің дегенеративті аурулары, орталық жүйке жүйесінің демиелинизациялық аурулары) бар адамдарға (отбасыларға) аурулардың бір түрі бойынша жылына 1 рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

11-тармақтың 4-абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған бірінші типті қант диабеті, миокардтың жіті инфаргі (алғашқы 6 ай), орфандық аурулар, созылмалы вирустық гепатиттер және бауыр циррозы, психикалық, мінез-құлық бұзылулары (аурулары), балалардың церебралдық сал ауруы, ревматизм, дәнекер тіннің жүйелі зақымданулары, нерв жүйесінің дегенерациялық аурулары, орталық нерв жүйесінің миелинсіздендіруші аурулары бар балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне аурулардың бір түрі бойынша жылына 1 рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

11-тармақтың 13-абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

""Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4, 5, 6-баптарында және 8 бабының 3) тармақшасында көрсетілген адамдарға Қазақстан Республикасы шегінде

төлем туралы құжаттардың негізінде тіс протездеу құнын өтеуге үш жылда 1 рет 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерінде;";

11-тармақтың 17-абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттерге қалалық қоғамдық көлікте жол жүру билетінің толық құнын өтеуге ай сайын;";

11-тармақ келесі мазмұндағы 19-абзацпен толықтырылсын:

"18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы мен төлем туралы құжаттарының негізінде, мүгедектігі бар балалардың бассейнге баруына арналған абонемент құнын өтеуге, ай сайын, жылына 6 (алты) айдан артық емес 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш шекті мөлшерінде."

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 1-қосымшаның 11-тармағының 2, 4 және 19-абзацтарын қоспағанда, оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бурабай аудандық мәслихатының төрағасы

М.Нұрпанова